Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 20 қазан № 4712-23-00-2/3105 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Рахимжанов» басшысы Рахимжанов Али Айдынұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Рахимжанов» басшысы Рахимжанов Али Айдынұлын мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану,тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Рахимжанов» басшысы Рахимжанов Али Айдынұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Рахимжанов» басшысы Рахимжанов Али Айдынұлыннан мемлекет пайдасына 36 425 (отыз алты мың төрт жүз

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 25.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 01.12.2023, судья Аташева А. О., 07.12.2023

жиырма бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 2818 (екі мың сегіз жүз он сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Аташева А.О.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 25.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.12.2023, судья Аташева А. О., 07.12.2023